

**"2018-2020 жылдарға арналған Шиелі кентінің бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №19/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 қарашадағы № 31/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 қарашада № 6529 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы 9-1 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2018-2020 жылдарға арналған Шиелі кентінің бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 19/2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6148 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жыл 26 қаңтарында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

1. 2018-2020 жылдарға арналған Шиелі кентінің бюджеті 1 қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 420 612 мың теңге, оның ішінде;
  - салықтық түсімдер - 131 044 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер - 360 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0;
  - трансферттердің түсімі - 289 208 мың теңге;
- 2) шығындар - 420 612 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредит беру - 0;
  - бюджеттік кредиттер - 0;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу - 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0;
  - қаржы активтерін сатып алу - 0;
  - мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0;
  - қарыздар түсімі - 0;

қарыздарды өтеу - 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары - 0;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Шиелі аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы:

Қ. Шәукебаев

Шиелі аудандық мәслихат  
хатшысы:

Б. Сыздық

Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы "14  
" қарашадағы №31/2 шешіміне қосымша  
Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы "27  
" желтоқсандағы №19/2 шешіміне 1-қосымша

## 2018 жылға арналған Шиелі кенті бюджеті

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		1.Кірістер	420612
1		Салықтық түсімдер	131044
	01	Табыс салығы	60000
	2	Жеке табыс салығы	60000
	04	Меншікке салынатын салықтар	65194
	1	Мүлікке салынатын салықтар	3270
	3	Жер салығы	4424
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	63000
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	22
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	22
2		Салықтық емес түсімдер	360
	01	Мемлекет меншігінен түсетін кірістер	10
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	10
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	350
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	350
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	100
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	100

3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	289208
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	289208
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	289208
Функционалдық топ			
Функционалдық кіші топ			Сомасы , мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	
		2.Шығындар	420612
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	49625
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	49625
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	49625
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	47625
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2000
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	211451
	3	Елді-мекендерді көркейту	211451
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	211451
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	74270
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	34480
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	102701
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	44615
	1	Мәдениет саласындағы қызмет	44615
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44615
		006 Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	44615
12		Көлік және коммуникациялар	70618
	124	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	70618
		045 Елді-мекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	70618
13		Басқалар	44303
	9	Басқалар	44303
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44303
		040 Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	44303
		3. Таза бюджеттік кредит беру	0
		4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0
7		Қарыздар түсімі	0

16		Қарыздарды өтеу	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ